
ҰЛПАН

Алғысөз

Қолыңыздағы бұл комикс – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, классик жазушы Ғабит Мүсірепов қаламынан туған, халық жадында сақталған «Ұлпан» романының желісі негізінде дайындалған көркем туынды.

«Ұлпан» – қазақ қоғамындағы әйел тағдырын, ел басқарудағы көрегендік пен парасатты, адамгершілік пен жауапкершілік сияқты құндылықтарды терең бейнелейтін шығарма. Бұл шығарма тек бір кейіпкердің өмірін ғана емес, сол дәуірдің әлеуметтік келбетін, салт-дәстүрі мен қоғамдық қатынастарын да көрсетеді.

Комикс форматында біз Ұлпанның даналығы мен батылдығын, ел анасы деңгейіне көтерілген тұлғалық болмысын заманауи көркем тілмен жеткізуді мақсат еттік. Иллюстрациялар арқылы оқырман қазақ ауылының тіршілігін, көшпелі өмірдің көрінісін және ұрпақтар сабақтастығын айқын сезіне алады.

Ізгі тілекпен,
Комикс құрастырушысы
Досымхан Нұрсәуле

«Ұлпан» романында қазақ ауылындағы әлеуметтік қатынастар, ел билеу ісі және әйел тағдыры кеңінен суреттеледі. Шығармада ақылды да қайратты Ұлпанның өмір жолы баяндалады. Ол жеке басының емес, елінің мүддесін жоғары қоя отырып, қиын заманда әділдік пен тәртіп орнатуға ұмтылады. Ұлпанның парасаты мен даналығы арқылы ауыл ішіндегі талай түйткілді мәселе шешіледі. Оның өмірі – әйел затының рухани күші мен қоғамдағы орнының айқын көрінісі.

Шығарманың идеясы:

– Ақыл мен парасат – елді сақтайтын басты күш.
– Әйелдің қоғамдағы орны мен жауапкершілігі зор.
– Адамгершілік пен әділдік – мәңгілік құндылық.

Тақырыбы:


– Қазақ ауылындағы әлеуметтік өмір мен ел басқару мәселесі.
– Әйел тағдыры және оның рухани биіктігі.
– Адамгершілік, парасат және елге адал қызмет.

Қазақ байлығы жылқысында. Қысқа қарай жылқы малын ықтасыны бар, қара отты шұбарға жақын ұстамасаң — «Байлық — бір жұттық, батыр — бір оқтық» — кейде тақыр-таза жаяу да қаласың. Жаяу қалған адам несімен адам?.. Несімен қазақ?




Қазақ байлығы жылқысында. Қысқа қарай жылқы малын ықтасыны бар, қара отты шұбарға жақын ұстамасаң — «Байлық — бір жұттық, батыр — бір оқтық» — кейде тақыр-таза жаяу да қаласың. Жаяу қалған адам несімен адам?.. Несімен қазақ?

Есенейдің қасында төрт адам жолдастары бар еді: ең сенімді серігі — жамағайын түрікпен Мүсіреп, Алдай елінен — аңшы Мүсіреп, руы басқа болса да Есенейдің қоныстасы Бекентай батыр және Есенейдің қосалқы атын жетелеп жүретін жас жігіт, түрікпен Мүсірептің туған інісі — Кенжетай.




Мүсіреп аңшы адам. Балдаққа сүйеген оң қолында «түлкі перісі» атанған томағалы қара бүркіт, арқасында жалғыз оқ, аяқты шиті мылтық. Азырақ асыға сөйлейтін, азырақ асыра сөйлейтін адам.





Түрікпен Мүсіреп аздап сыбызғы тартады. «Боз іңген», «Боз мұнай», «Сүйір батыр», «Алқа кел», «Алғашқым» деген күйлері бар. Одан соңғы құмары бір жақсы ат, қонымды киім, серілеу адам. Қалталарында қалампыр жүреді...
ТҮРІКМЕН МҮСІРЕП


Қысқа қарай жылқы баласына бұдан артық жер болмайды. Иесіз жатқан жер!
Жазы-күзі мал тұяғы тимеген шүйгін екені көрініп-ақ тұр. Бірақ, осы күні иесіз жер бар ма, бір иесі бар шығар
Жоқ, жоқ! Иесіз жатқан жер!


Бір кезде үш салт атты қатты жүгіртіп келеді. Біреуі алдарақ, екеуі кейінірек. Алдыңғының аты не жорға, не қу аяқ желісті болу керек. Кейінгі екеуі ара-тұра шауып алып ілесіп келеді.


Армысыздар, ағалар!..
Жетісіп отырған ел емеспіз... Сорлының зары арлыға кездескен деп жіберіп еді... айтар арызымызға құлақ ассаңыздар екен...



Осындай ежет жастарды Есеней қатты ұнататын еді. Жиырмаға келмеген бала жігіттің сезінің нәрі де, зәрі де бар екен. Осылай есірермін деп үміт еткен екі ұлы қара шешектен бір күнде қайтыс болғалы осындай уытты жасқа қызыға қарап қалушы еді.


Бір кезде үш салт атты қатты жүгіртіп келеді. Біреуі алдарақ, екеуі кейінірек. Алдыңғының аты не жорға, не қу аяқ желісті болу керек. Кейінгі екеуі ара-тұра шауып алып ілесіп келеді.
Арызымызды айтып кел деген жұрт асқақтай сөйле деп тапсырған жоқ еді, ағалар. Солай болып шықса, айып өзімде.



Жас жігіт айыбы үшін астындағы атын тастап кетті. Есенкей жаңағы жігіт деп отырған жанның Артықбай байдың қызы екенін біліп, қатты ұялды





Есеней өмірінде айып тартып көрмеген айып-жазасы болған адамдарға қатал жаза беруді жақтайтын би еді. Болмашыдан айыпты болғанына әрі күлкісі келеді, әрі шешімін таба алмай тұрғаны анық. Артықбай оны бір рет намыс өлімінен айырып алған, екінші рет өлімнің өзінен айырып алған кәрі жолдасы, батыр адам



Жолдастары Есенейдің бұйрығын орындауға тарасып кетті.
Өзін аман алып қалған досының жеріне көз тігіпті. Не деген ұят, қандай өкініш!





Есеней қазір діндар адам болғанмен, бір кезде аса еркөкірек, озбыр би болған. Есенейдің екі баласы қарашешектен қайтқан. Балаларын жерлеп келген соң, қарашешектің белгілері өзінің де бойына қаптап кетіпті. Сол аурудан аман қалды, бірақ әйелі бала таппады.






Артықбай батырға он үш жыл бұрын барған еді. Сол кезде төрт-бес жасар қыз жүгіріп ойнап жүрген. Есенейдің бүгінгі көрген қызы - сол Ұлпан. Зейінді, зерделі қыз боларсың деп ойлап кетіп еді, ойлағаны болғандай.



Ерке болушы еді, ығыспай сөйлейтін қыз болыпты-ау!



Ертеңіне Есеней Артықбай батырдың үйіне келді. Ол қонақтарын бар пейілімен қуана қарсы алды.





Солай Есеней мен Артықбай біраз шер тарқатты



Қанша қарамайын десе де, Есенейдің көзі Ұлпанға түсіп кете берді.



Есеней еліне қайтқалы жатқан Мүсірепті шақырып алып, оған қолқа салды. Оның өтінішін қабыл алып, Мүсіреп Артықбайдың ауылына аттанды




Есеней Ұлпанға құда түскісі келеді
Ойбой, Мүсіреп-ай, Есеней қадалса алмай тынатын ба еді? Ұлпанның еркі өзінде. Ол көнсе, батамды бердім



Есенейге екі нәрсе өтпейді: "Оқ өтпейді, сөз өтпейді". Мүсіреп Артықбайдың көрсеткен жағына барып, Ұлпанды кездестірді.



Ұлпанға сол бейжайдың өзі қанжардай қадалды. Бірақ ең соңында Есенейге тұрмысқа шығуға өз келісімін берді

Осы күні үлкен Есеней жайына қалып, Ұлпан Есеней болып барады. Ұлпан да жібектей созымды болып барады.



Ұлпан ешкімнің қолын бос қайтармай бере берді. Ұлпанда мырзалық та жоқ, сараңдық та жоқ. Әркім өзі үшін тіршіліктің бір пұшпағына жармасса екен дейді.




Ұлпанның сүйегіне біткен құдайдың өз қолынан берген қасиеттері бар. Керексіз артықты жек көреді.

Ұлпанның одан кейінгі он жылы азапқа толы өтті. Дүниеге Біжікен есімді қыздары дүниеге келді. Ал Есеней тоғыз жыл бойы сал болып жатып қайтыс болды. Есеней қайтыс болған күні Артықбай батыр да қайтыс болыпты.



Біжікен бойжеткенді оны ұзатпақшы болды. Оны Тілемістің ұлы Торсанға ұзататын болып келісті. Отызға жасы жетпеген Торсан алғыр болыс болып шықты.


Бағың ашылсын, құлыным!



Кешке қарай Біжікен қатты ауырды. "Ішім жарылып бара" деп қиналды. Біжікен соқырішегі жарылып кетіп, таң ата қайтыс болды. Ол қайтыс болғалы Ұлпанның күні тек жылаумен өтті. Әртүрлі ойлар бунай берді.

Біжікеннің өлімінен кейін Торсан Есенейден қалған мал-мүлікті пайдаланып, ағайын-туғандарымен араздасып, Ұлпанды «отырса — опақ, тұрса — сопақ» етеді. Қорлыққа шыдай алмаған ер мінезді Ұлпан бір түнде у ішіп өледі.





